

2

«Ауыл аманаты»: Құжат қабылдана бастады



4

Интернет – алаяқтық асқынып тұр



Сыр бойы

13 тамыз, сейсенбі 2024 жыл



№124 (20798)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысына қорғаныс ведомствосының биылғы бірінші жарты-жылдықта атқарған жұмыстары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықаралық оқу-жаттығу жиындарының нәтижелері, жауынгерлік дайындыққа жана әдістер енгізу жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ қарулы күштердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне қатысты бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу барысы жайында айтылды. Заманауи қару-жарақпен және әскери техникалармен қамтамасыз ету, қорғаныс инфрақұрылымын дамыту, әскери-патриоттық жұмыстарды күшейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Руслан Жақсылықов әскери қызметшілер мен зейнеткерлерді әлеуметтік тұрғыдан қолдауды арттыру шаралары туралы айтты.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

/// КЕНТ КЕЛБЕТІ

БЕРЕКЕЛІ «БЕЛКӨЛ»

Облыс орталығына іргелес «Белкөл» кентінде 882 отбасы тұрады. Халқының саны – 4787 адам. Жыл сайын кенттің ауқымы кеңейіп, кәсіпкерлер саны артып, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсаруда. Бұрынғымен салыстырғанда едәуір алға жылжудың барын байқайсың.

Кентке кіргеннен құж-құж қайнаған тіршілікке, кәсіпкерлік нысандардың көбейгеніне куә боласың. Халқының да ауызбірлігі бекем екені көзге көрініп тұрады. Кент әкімі Жасұлан Сәудудің айтуынша, оң шешімін тапқан мәселелер жетерлік. Мәселен, өткен жылы 96 отбасына 10,2 млн теңге атаулы әлеуметтік көмек берілсе, биыл 55 отбасына 9 млн теңге тағайындалған. 433 адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр.



– Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мұн-мұқтаждары үнемі назарда. Олардың қатары азайып келеді. Бұл азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру және түрлі мемлекеттік бағдарламаға тартумен байланысты, – дейді кент әкімі.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ РЕТТЕЛУДЕ

Кенттегі ауқымды жұмыстың бірі – электр желілерін ретке келтіру бастамасы. Бүгінде Жерұйық, Сарыарқа, Бірілік көшелеріне электр желісін жүргізуге республикалық бюджеттен 76,6 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жасалған. Сондай-ақ тозығы жеткен электр желілерінің құрылысын жүргізу үшін ұзындығы 21 шақырым болатын 12 көшені қайта жаңғыртуға жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Оған қалалық бюджеттен 6,5 млн теңге бөлінген. «Белкөлде» қазіргі уақытта 11 электр трансформаторы жұмыс жасайды.



Суретері түсірген Нұрболан Нұржаубай

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ ҚАДАҒАЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанның жұмыс барысын көрді.

Алдымен «Жан Арай» ЖШС агроиндустриялық кешенінде болды. Аталған кешен күріш өндірісімен, күріш жармасын халықаралық стандарттар бойынша өңдеумен, түйіршіктелген жем өндірумен айналысады. Мекеменің жем зауытының қуаттылығы – тәулігіне 80 тонна, күріш өңдеу зауытының қуаттылығы – тәулігіне 150 тонна. Сондай-ақ 1500 тонналық жеміс сақтау қоймасы, сыйымдылығы 1120 тонна тоназытқыш бар. Ет өңдеу және жем зауытында 200 адам жұмыс істейді.

Қызылорда қаласындағы жана ЖЭО құрылысында жер қазу жұмыстары аяқталды. Мұнда 600-ге жуық адам және 60 техника жұмылдырылған. Жұмыс жоспарға сәйкес жүруде. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. Бүгінде инвестор «AKSA Energy» түрік компаниясы құрылысқа 70 млрд теңгеден астам инвестиция салды.

2-бет

/// ТАҒЫЛЫМ

АБАЙ КҮНІ – РУХАНИЯТ МЕРЕКЕСІ



Қазақ танымын Абайша түсініп, Абайша төпсірлеген кім бар? Тұғырлы пайымынан тұлғалық болмыс аңқыған оның әрбір мұрасы – сырлы сөз, көркем өнердің көмбесі. Бүгінгіге қалған бар меже сол мұрадан тін тартып, ақын айтқысы келген ойды заман тілімен жеткізу, жас буынның жадында қалдыру екені даусыз. Осы мақсатта 10 тамыз ел көлемінде мерекелік дата – Абай күні болып бекітіліп, жыл сайын тағылымды шаралар жалғасын табады.

Биыл да аймақта атаулы дата жоғары деңгейде өтті. Жыл басынан аймақта Абай күнін атап өту үшін 200-ден астам танымдық жиын ұйымдастырылып, ақынның ән-жыры Сыр елінің аспанында қалықтады. Соның бір дәлелі – «Анаға тағым» орталығында өткен «Мақсұтым – тіл ұстары, өнер шашпақ...» атты облыстық байқауы.

4-бет



PARIS 2024



Он жеті күн бойы әлем көз тіккен Париж Олимпиадасы аяқталды.

ПӘРМЕН ҺӘМ ДӘРМЕН

Қазақстан қоржынында жеті медаль бар

Тарихқа назар салсақ, Франция елінде Олимпиада ойындары 3 мәрте өткізілген. 1 Олимпиада 1900 жылы болған, оған 24 ел ғана қатысқан. Бұл Олимпиада Парижде 1924 жылдан кейін, яғни, жүз жылдан соң өткізіліп отыр. «Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан» демекші, әрине, жүз жыл бұрынғы Олимпиаданы бүгінгімен салыстыруға мүлде болмайды.

4-бет



Фото: Ашық дереккөзден

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ШІЛДЕДЕ БАСПАНАҒА СҰРАНЫС АРТҚАН

Алдыңғы айлармен салыстырғанда, шілдеде баспанаға сұраныс күрт артып отыр. Мұны мамандар жаз уақытында тұрғындардың үй мәселесін шешіп алуға белсенділігімен түсіндіреді. Бұл туралы «ҚазАқпарат» хабарлады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылғы шілдеде тіркелген тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны 40 099-ды құраған. Оның 9 126-сы жеке тұрғын үйлерге, ал 30973-і көпқабатты үйлердегі пәтерлерге қатысты келісім-шарттар.

Биылғы маусым айымен салыстырғанда тұрғын үйді сатып алу-сату операцияларының саны 21,7%-ға өсіп отыр. Мұнда Алматы (7 091), Астана (6 843) қалалары және Қарағанды облысы (3 208) көш бастайды.

АЙЫППҮЛ МӨЛШЕРІ 5 ЕСЕ КӨБЕЙДІ

Енді суды ысырап етіп, ресурсты пайдалану тәртібін бұзғандарға айыппұл көлемі 5 есе ұлғаяды. Заң жобасына тиісті түзетулерді Су ресурстары және ирригация министрлігі дайындады деп хабарлайды 24kz.

Сонымен су объектілерін қолдануға арналған тыйым белгілерін жойғаны және оны заңсыз иеленгені үшін жеке тұлғаларға 5-тен 50 айлық есептік көрсеткіш, яғни 184 мың теңге айыппұл салынады. Ал лауазымды тұлғалар мен шағын кәсіп иелері үшін оның көлемі 300 айлық есептік көрсеткіш болмақ. Сондай-ақ сулы мақсатсыз пайдаланғаны үшін де жауапкершілік артады. Жеке тұлғалар үшін айыппұл мөлшері 10-нан 50, лауазымды тұлғалар мен шағын кәсіпкерлерге 100 айлық есептік көрсеткіш болады. Ал орта кәсіпкерлік субъектілер үшін 150, ірі кәсіпкерлік субъектілер үшін 850 АЕК белгіленбек.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: БІРҚАТАР Өңір үлесі артады

Астана және Алматы қалаларына «Жайлы мектеп» жобасы бойынша бөлінетін қаражат қысқартылып, өзге өңірлердің үлесі артады деп хабарлайды «ҚазАқпарат».

Нақтырақ айтқанда, Ұлттық қордан аталған жобаны іске асыру үшін қарастырылған қаражат көлемі Ақмола облысы үшін 25 млрд 45 млн 308 мың теңгеден 35 млрд 124 млн 82 мың теңгеге, Атырау облысы үшін 20 млрд 399 млн 976 мың теңгенің орнына 22 млрд 149 млн 708 мың теңге, Қарағанды облысы үшін 19 млрд 49 млн 438 мың теңгенің орнына 23 млрд 314 млн 382 мың теңге, Қостанай облысы үшін 14 млрд 679 млн 725 мың теңгенің орнына 15 млрд 228 млн 906 мың теңге, Алматы қаласы үшін 72 млрд 606 млн 338 мың теңгенің орнына 63 млрд 233 млн 698 мың теңге, Астана қаласы үшін 125 млрд 887 млн 674 мың теңгенің орнына 118 млрд 617 млн 683 мың теңге бөлу көзделген.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы

\$ 477,04 kzt

€ 520,78 kzt

₺ 5,37 kzt

Ауа райы

+35° +37°

+33° +35°

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ ҚАДАҒАЛАУДА

Одан кейін облыс әкімінің орынбасары «Қорқыт ата әуешайына» кіреберіс автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмысымен танысты...

Сонымен қатар, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен бой көтерген білім ордасының және жеті қабатты тұрғын үйлердің құрылыс барысы назарға алынды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен облыста 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл 6 900 орындық 10 мектеп, алдағы жылы 5 400 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі.

1-бет

тенге бөлініп, қазір 10 мектептегі құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталды. Биыл құрылысы басталатын 11 мектептің жер телімдері белгіленіп...

Осы аумақта 84 пәтерлік жеті қабатты 6 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Облыс әкімінің орынбасары жұмысты уақытылы аяқтауды тапсырды.

Айта кету керек, өңірде кейінгі 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер табыстатылып, 17 мың тұрғын баспаналы болды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 34 млрд 100 млн теңге қаралды.

Сол жағалаудағы 350 орынға арналған заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» «ҚазГЕРМұнай» компаниясының демеушілігімен салынуда. Нысан биыл ел игілігіне табысталамақ. Сондай-ақ үстел теннис орталығының құрылыс жұмыстары назардан тыс қалмады.

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зәбешевтің төрағалығымен «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асырылу барысы талқыланған мәжіліс өтті.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАНА БАСТАДЫ

Облыс әкімінің орынбасары аталған жобаның маңыздылығына тоқталды. Өткен аптада аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы қала, аудан әкімдеріне жұмысты ширатуды, шағын өндірістік жобалар ұсынуды тапсырды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, шағын өндірістік жобаларды аталған бағдарламамен «Байқоңыр» ӘКК арқылы қаржыландыруды жүйелеуді керек. Бұл ретте ұсынылған жобаларды дереу қаржыландыру өте маңызды.

Жаңында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев атқарылған жұмыстардың есебін берді.

Жалпы биылға «Ауыл аманаты» жобасына 4,6 млрд теңге қаралған. Жоспар бойынша 575 жобаны жүзеге асырып, 610 жұмыс орнын ашу көзделуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

«Абай аллеясында» Абай күніне орай «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...» атты облыстық байқаудың жеңімпаздарын марапаттауға арналған іс-шара өтті.

Байқауға Қызылорда қаласы мен аудандардан көркемөз оқу және ән айту шеберлігін қатар меңгерген 16-35 жас аралығындағы талапкерлер қатысты. Олар Абай шығармаларын мәнерлеп жатқа оқу, «Абай жолы» романынан үзіндіні көркем шеберлікпен жатқа айту, Абай әндерін орындау бойынша сынға түсті.

ТҮРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев көзектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Олар қозғалған мәселелердің дені – жұмыссыздық және тұрғын үй алу жайы.

Аудан басшысы барлық сауал мұқият зерделеніп, заңдылығына қарай шешім қабылданытынын жеткізді. Қабылдауда айтылған өтініштердің оңтайлы шешілуін қалағандықтан аудандық бөлім басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

150 ОТБАСЫ БАСПАНА ҚУАНЫШЫНА КЕНЕЛЕДІ

Биыл ауданда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін пайдалануға берілетін 150 пәтерлі 75 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарын көріп, оны жүргізіп жатқан кәсіпкерлермен кездесті. Кәсіпкерлерге тұрғындардың игілігі үшін берілетін бапналарды мерзімінен кешіктірмей сапалы етіп аяқтау керектігі айтылды.

ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Аудандық денешынықтыру және сауықтыру кешенінде Мемлекеттік кірістер органдарының құрылғанға 10 жыл толуына орай волейболдан ересектер арасында аудандық турнир өтті.

Салауаты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту мақсатында өткен дүбірлі додаға 10 команда, 150-ге жуық спортшысы қатысты. Тартысты өткен турнирде «Қорқыт елі» командасы топ жарса, екінші орынға «Төретам кенті», үшінші орынға «Дүр Оңғар» командасы тұрақтады.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық іріктеу кезеңі қорытындыланды.

Бұқарбай батыр ауылынан Әлиевтер әулеті ІІІ орынды, «Ақсу» ауылынан қатысушы Ижановтар әулеті ІІ орынды, «Аққұм» ауылынан Әзизхановтар әулеті І орынды иеленсе, Т.Жүргенов ауылынан Бектаевтар әулеті бас жүлдеге лайық деп танылып, аудан әкімінің дипломымен марапатталды. Сондай-ақ байқауға белсенді қатысып, ұлттық құндылық пен отбасы мерейін жоғарылауда үлгі көрсеткен отбасылар арнайы номинацияларға ие болды.

КЕМЕҢГЕР ТҮЛҒАНЫҢ МҰРАСЫ

Аудан әкімі Берік Сарменбаевтың қатысуымен Абай күніне орай лирикалық танымдық іс-шара өтіп, жұртшылыққа кемеңгер тұлғаның мұрасы дәріптелді.

Іс-шарада дана ақынның өмірінен жазылған «Мен ішеген у бар ма?» спектаклінен үзінді қойылды. Абай Құнанбайұлының қара сөздері мен өлеңдері оқылып, шығармашылығы насихатталды. «Көзіңнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас» әндері шырқалды.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҰСЫНЫЛДЫ

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай аудандық Мансап және Жастар ресурстық орталықтарының ұйымдастыруымен жастарды әлеуметтендіруге бағытталған «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы асында «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өтті.

Аудан әкімінің аппарат басшысы Ғалымжан Қаримов жәрмеңкеде аудандағы және аудан көлемінен тыс жерде орналасқан 19 жұмыс берушінен 75 бос жұмыс орны және жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 6 жұмыс беруші 38 уақытша бос жұмыс орын ұсынғанын айтты.

«ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» ЖАЛҒАСУДА

«Түгіскен» ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Дәстүрге жол – Аққорған» атты аналар қоғамдық бірлестігінің ашылу салтанаты өтті.

Онда қазактың ұлттық колөнер және әшекей бұйымдары, ұлттық киімдерден жасалған көрме және ауыл келіндерінің күбі пісу, табаға нан жабу, бауырсақ пісіру және т.б. көріністері ұйымдастырылып, ауыл әжелерінің ұршық иіру, жүн түту көріністері көпшілік назарына ұсынылды.

Дайындаған: Айгүл БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

БЕРЕКЕЛІ «БЕЛКӨЛ»

Мұнан бөлек, жаяу жүргіншілер жолы мен көшені жарықтандыру жұмыстары да кезек-кезеңімен реттелуде. Мәселен, Әбілқадыров көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін қалалық бюджеттен 62,4 млн теңгеге қаржы қаралған.

Қазіргі таңда орталық көшені қайта жаңғырту, 7 көшеге түнгі жарық бағаналарын орнату, 3 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу, 8 көшеге жүргіншілер жолын салу жұмыстары жүргізуге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан оқытындысы алынды.

Жалпы кентте 21,5 шақырымды құрайтын 24 көше бар. Оның ішінде 12,6 шақырым болатын 13 көшеге асфальт төселген, ұзындығы 4,5 шақырым 5 көшеге тас төселген. Кент толықтай

балары қолдау тапқан.

Биыл бірінші жартыжылдықта 43,6 млн теңгені құрайтын 8 жоба жүзеге аспақ. Оның ішінде 400 МРП грант – 4,6 млн теңге болатын 3 жоба, «Бизнесстің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша 1 жоба (23 млн теңге), «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы аясында «Өңірлік инвестициялық орталық» микроқаржы ұйымы арқылы 16 млн теңгені құрайтын 4 жоба қаржыландырылған.

Қаржыға қол жеткізген кәсіпкерлер Мұханбетжан Сапаров, Зухра Алмаханова, Гүлдана Досмамбетова, Ербол Еңсепов кәсіптерін әрі қарай жандандырмақ.

– Шаптараз кәсібімен айналысқанға біраз жыл болды. Осы уақытта

уақытта кәсіпімді бұдан әрі кеңейтіп келеді, – дейді кәсіпкер Мұханбетжан Сапаров.

ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШЫҚ

Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Елімізде оларды қолдауға үнемі басымдық беріледі. Әсіресе, кейінгі уақытта жақсы қозғалысы бар Белкөлдік жастардың да бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі шаралар жүргізілуде.

«Белкөлде» бұқаралық спорт түрлері де жақсы дамып келеді. Мұнда 5 ойын және 1 футбол алаңы бар. Ал «Бірқазан» елді мекенінде 1 футбол алаңы спортсүйер қауымға қызмет етуде. Биыл да жеке сектордан 1 ойын алаңын салу жоспарланған.

Одан басқа мұнда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған теміржол ауруханасына қарасты дәрігерлік амбулатория бар. Ол 2020 жылы пайдалануға берілген. Онда 12 мейірбек, 2 кіші қызметкер жұмыс істейді. Күндізгі стационарда 8 орын қарастырылған. Ғимараттың жалпы ауданы – 687 шаршы метр. Жылу жүйесі газбен жылытылады.

спортқа деген қызығушылығын оятады, – дейді кент әкімі.

Мұнан бөлек 360 оқушы №189 орта мектеп жаңынан ашылған 13 үйірге қатысады. Оның қатарында волейбол, шахмат, футбол, ұлттық ойын түрлері, дойбы, үстел теннисі, каратэ-до, баскетбол, велоспорт секілді үйірмелер бар. Ал «Белкөл» кенті клубының жанынан 7 үйірме жұмыс жасап, 103 көркем өнерпазбен қамтылған.

Жастардың қолдау мұнарын толастырмай. Кенттің мақтанышына айналған «Әлі-Азиз» орталығында 5 үйірге (ән, би, колөнер, бастауыш білім беру, математика-логика) 150-ге жуық жасөспірім қатысады. Ал «Азиз» өнер мектебінде 166 жас домбыра, вокал, кескіндеме сурет үйірмелеріне қатысады.

БІЛІМ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

Кентте 2 мектепте барлығы 963 оқушы, мектепалды даярлық тобында 202 бала екі ауысында білім алады. Сонымен қатар кенттің кішкентай тұрғындарына «Балапан» мемлекеттік балабақшасы, «Ғазиза» және «Дилмар» жеке балабақшалары қызмет етеді.

Белкөндіктер үшін ендігі бір мәселе – мәдениет үйінің жайы. Оның да шешімі табылар шақ алыс емес көрінеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



дейін орынды жалға алып келдім. Өткен жылы өз қаражатыма ғимарат алсам, биыл «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 6%-бен 3 млн теңге несие алдым.



КӘСІПКЕРЛЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін белкөндіктер де көруде. Жыл басынан бері мұнда 79 кәсіпкерлік субъект тіркеліп, 84 тұрақты жұмыс орны ашылған. Өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында жалпы құны 192,7 млн теңгені құрайтын 23 жоба қолдау алған.

1-бет

